



ASFENDIYAROV
UNIVERSITY 1930



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Жаһандану және Қазақстан Республикасының заманауи халықаралық қауымдастыққа интеграциялануы жағдайында кәсіби медициналық терминология мен сапалы аударманың маңызы арта түсті. Атап айтқанда, бұл мәселе хирургия саласында да айрықша мәнге ие, өйткені аударманың нақтылығы мен қисындылығы медициналық қызметкерлер мен пациенттер арасындағы өзара іс-қимылдың сәтті жүзеге асуында үлкен рөл атқарады. Хирургиялық терминдерді қазақ тіліне аударудағы мәселелер көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы мен пациенттердің қауіпсіздігіне ықпал ететіні сөзсіз, сондықтан хирургиялық терминдерді қолдану барысындағы мәселелерді талқылап, олардың шешімін табу өзекті.

Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 қаулысын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі аппарат басшысының 2023 жылғы 20 қарашадағы № 685 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын денсаулық сақтау жүйесінде іске асыру жөніндегі 2023-2029 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын іске асыру мақсатында А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы 2024 жылдың 29 қараша күні **«Хирургиялық терминдерді қазақ тіліне аударудағы мәселелер»** атты тақырыпта өтетін дөңгелек үстелге шақырады.

Дөңгелек үстелге медициналық қызметкерлер, мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі мамандар, аудармашылар, лингвисттер қатыса алады.

Дөңгелек үстел хирургиялық терминдерді қазақ тіліне аударудағы өзекті мәселелерді талқылауға және бірлескен шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік береді, өз кезегінде бұл шешімдер Қазақстан Республикасында хирургиялық қызмет көрсету сапасын жақсартуға ықпал ететін болады.

Дөңгелек үстелдің мақсаты:

1. Хирургиялық терминдерді қазақ тіліне аудару барысында кезігетін

қиындықтар мен мәселелерді талқылау;

2. Хирургиялық терминдер аудармасын жетілдіру және стандарттау жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

3. Медициналық қызметкерлер, аудармашылар мен лингвисттер арасында ынтымақтастық орнату.

Дөңгелек үстелдің міндеті:

1. Қазақ тіліндегі хирургиялық терминдердің ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізу;

2. Қолданыстағы хирургиялық терминдердің негізгі мәселелері мен кемшіліктерін анықтау;

3. Қазақ тіліндегі хирургиялық терминдердің бірыңғай глоссарийін әзірлеу қажеттілігіне назар аударту;

4. Медициналық мекемелер, мемлекеттік тіл қызметкерлері, аудармашылар мен лингвисттер арасында ынтымақтастық орнату мүмкіндіктерін талқылау.

Іс-шара қазақ тілінде өтеді және қатысушыларға сертификат табысталады.

Іс-шараның өту форматы: дөңгелек үстел

Өтетін күні және уақыты: 2024 жыл, 29 қараша, басталуы сағат 15.00

Өтетін орны: А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі 51, 2 қабат, кіші конференц зал.

Дөңгелек үстелге қатысушылар материалдарын **2024 жылдың 24 қараша күніне дейін** ak_bota555@mail.ru электрондық поштасына жолдауы қажет. Дөңгелек үстелге қатысты қосымша ақпарат алу үшін ұйымдастырушы

Ақбота Кенжеқожаеваға (8 708 855 12 01) хабарласуға болады.